

**Қазақстан Республикасының материалдық құндылықтарды
жұмылдыру резервінен шығару (броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі
тендер нәтижесінің
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

11.06.2015ж.
сағ.:11:00

1) **Тендерлік комиссия құрамы:** А.Ә. Сәду – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің (бұдан әрі – ММРК) төрағасы, тендерлік комиссияның төрағасы; комиссия мүшелері: Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы; Д.А. Нұрқанов – ММРК Бухгалтерлік есеп және қаржы басқармасының басшысы; М.Б. Мағұлов – ММРК Жұмылдыру бөлімшесінің бас сарапшысы; Ә.А. Төребекова – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы, үміткерлердің тендерге қатысу өтінімдер конвертін ашу процедурасын Астана қ., Янушкевич көш., 2, мекенжайы бойынша 2015 жылғы 11 маусымдасағат 11:00-де өткізді.

(Қатыспаған: С.К. Сабырбаева – ММРК төраға орынбасары, тендерлік комиссияның төраға орынбасары; еңбек демалысында, 2015 жылғы 20 мамырдағы № 423-д бұйрық)

2) Тендер 2014 жылғы 31 желтоқсандағы ММРК жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын шығару (броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының хаттамасымен бекітілген Шығаруға жататын броньнан шығарылған жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының тізбесіне сәйкес өткізілді.

3) Соңғы мерзім өткеннен кейін келіп түскен және ашылмаған тендерге қатысу өтінімдері жоқ.

4) ММРК-нің www.kgmr.gov.kz сайтында орналастырылған жұмылдыру резервінен материалдық құндылықтарды шығару бойынша тендерге қатысу өтінімі келесі тұлғадан тендерге қатысу өтінімдерінің соңғы тапсыру мерзіміне дейін келіп түсті:

№	Үміткер атауы	Конверттер саны	Үміткер мекенжайы	Тіркеу күні	Тіркеу уақыты
1	«Болатова» ЖК	1	Астана қ., Габдуллина көшесі 17/1-2	10.06.2015 ж.	16:50
	Барлық конверттер саны:	1			

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының

1

(бұдан әрі – Қағидалар) 11-тармағына сәйкес тендерлік комиссиясы келесі өтінімді тіркеуге алды:

1. «Болатова» ЖК (№ 28 лот)

Тендерге қатысу өтінімі тігілген, мөрленген, 9 бетте нөмерленген;

- 1) Тендерлік өтінім;
- 2) Жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) Электронды түрде ЖК тіркеу есебі туралы салықтық өтінішін салық органымен қабылданғаны туралы растау;
- 4) Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
- 5) 2015 жылғы 9 маусымдағы «Ресей жинақ банкі» АҚ филиалынан есеп-шоттың болуы туралы және берешектің жоқтығы туралы анықтама;
- 6) 10.06.2015 жылғы № 1 төлем тапсырмасы.

5) Қатысушылар ұсыныстарының және тендерлік комиссия шешімінің саны, бағасы, төлеу және шығару шарттары бойынша ақпарат тендер нәтижесі кестесінде (осы хаттамаға қосымша, 1 бетте) көрсетілген.

6) Қағидалардың 36 тармағына сәйкес тендер комиссиясы ашық түрде дауыс беру жолымен бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша келесі қатысушыларды жеңімпаз ретінде тану туралы **ШЕШІМ** қабылдады:

1. Жалғыз қатысушы ретінде «Болатова» ЖК-ның № 28 лот бойынша өтінім бағасы 8 672 000 (сегіз миллион алты жүз жетпіс екі мың) теңге құрайтын тендерге қатысу өтінімін.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 4 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын»

деп дауыс берді.

7) Тендер нәтижесі тендер ұйымдастырушысының Ғаламтор-қорында (www.kgmr.gov.kz) жариялансын және қатысушыларға хабарлансын.

8) ММРК жеңімпаздармен сатып алу – сату келісім шартын 10 (он) жұмыс күні ішінде жасасын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2015 жылғы 11 маусымдағы сағат 11.20-да жабылды деп есептелсін.

Комиссия төрағасы:

А.Ә. Сәду



Комиссия мүшелері:

Б.Қ. Ахметов

Д.А. Нұрқанов

М.Б. Мағұлов

Комиссия хатшысы:

Ә.А. Төребекова



2015 жылғы 11 маусымдағы тендер нәтижесінің хаттамасына № 1 қосымша

№	Қатысушының атауы	лот № 28
	Кесімді бағасы	8 670 757,71
	Төлеу мерзімі	10 күн
	Әкету мерзімі	60 күн
1	"Болатова" ЖК	8 672 000,00
	Төлеу мерзімі	10 к.күн
	Әкету мерзімі	60 к.күн

Handwritten signature

Handwritten signature

Handwritten signature

Handwritten mark